19 қазан күні Мектеп парламенті «Өзін-өзі басқару» ұйымының президент сайлауы өтті. 7-9 сынып оқушыларымен жиналыс жасап, үміткерлер өз кандидатураларын ұсынды. Үміткерлер өзіндік ұстанымдар мен қағидаларын айқындайтын бағдарламаларын ұсынды, бағдарламалары әлеуметтік желіге жарияланды. Сайлау белгіленген ережелерге сай дауыс беру арқылы өтті. Дауыс беруге оқушылар мен мұғалімдер қатысты. Комиссияның шешімі бойынша ең көп дауыс саны 200 ұпай жинаған (186 инстаграмм желісінде, 14 дауыс беру) 9 «А» сынып оқушысы - Екпін

Перизат мектеп президенті болып сайланды. Өз кезегінде Екпін Перизат мұғалімдер мен ұстаздар алдында салтанатты ант қабылдап, мектептің өзіне деген жоғары сеніміне алғыс білдірді.



<https://www.instagram.com/reel/DBTHezPMTpU/?igsh=MW9jNHZ1ZmJqdXhwYQ==>

Мектебімізде «Ұшқыр ой» дебат клубының пікір сайысы өтті. Ұшқыр ой алаңының тақырыбы: «Қазақ тілі мәртебесі өз дәрежесінде ме?» Мақсаты: оқушылар арасында қазақ тілінің мәртебесін көтеру, тілге деген жанашырлық, қамқорлық, патриоттық сезімін ояту. Дебат барысында: оқушылар қазақ тілінің қолданыстағы орны мен олқылықтары туралы пікірлерін ортаға салып ой бөлісті. Елімізде қазақ тілінің қолданудағы қателіктері туралы аргументтермен фактілерді жинақтап ой бөлісті. Пікір талас тақырыпқа сай қызықты әрі тартысты өтті.

25 қазан-Республика күніне орай жас жеткіншектердің Ту, Елтаңба, Әнұран туралы түсініктерін нығайту, Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерін дамыту, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Рәміздерін жан-жақты түсіндіру арқылы оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілікке баулу, ұлттық нышандарға зор құрмет, шынайы сезім, ұлттық рух тұрғысында қарауға дағдыландыру мақсатында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DBabftMoSGz/?igsh=MWlncHl0NHY0bndxdg==>

<https://www.instagram.com/p/DBgeUYeMvZK/?igsh=MTR5bWdkdmFmczNtaQ==>



<https://www.instagram.com/p/DBabftMoSGz/?igsh=MWlncHl0NHY0bndxdg==>

<https://www.instagram.com/reel/DBeGc1MsVDG/?igsh=MTlyYm85Njc2N3pyZw==>

Демалыс кезінде біздің балалар бос отырмады. Демалыс уақытында оқушылардың уақыттарын тиімді пайдалану үшін мектебімізде интеллектуалды ойын, спорттық ойындар өткізілді.



15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күніне орай барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/DCTWshQoVVp/?igsh=MTV6enZ4d3djNDZIYw==>

«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарына сәйкес 2024 жылғы 15 қараша күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жетекшілігімен, аға тәлімгер және пікірсайыстың жандануына, оқушыларымыздың интеллектуалдық тұрғыда дамуына сүбелі үлес қосып жүрген пікірсайыс клубының жетекшісі Болат Ерсайдтың ұйымдастыруымен «Ұлттық валюта – теңгенің шығу тарихы» тақырыбымен ойталқы өткізілді.

Мектебімізде "Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу – басты міндет" тақырыбымен 8-9 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жиналыс өткізілді.

«16 Желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні» мерекесіне орай **«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»** тақырыбында тәрбие сағаты өтті.



<https://www.instagram.com/p/DDbyeVNsJyv/?igsh=MXUwMG10M3gyZW5haA==>

<https://www.instagram.com/reel/DDbFHCYIx5b/?igsh=MWRwMndkMWZ6bG1vbg==>

2024 жыл 26 желтоқсанда Чаглинка станциясының негізгі орта мектебінде «Аралдар әлеміндегі Жаңа жыл» атты жаңа жылдық кеш өткізілді. Іс-шара көңілді, қызықты әрі тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті. Оқушылар әр елдің мәдениетімен танысып, өз шығармашылықтарын көрсетті. Мереке оқушылардың жаңа жылдық көңіл-күйін көтеріп, ұмытылмас әсер сыйлады. Мұғалімдер сынып бөлмелерін, мектеп дәлізін безендіру бойынша үлкен жұмыс жасады. «Жаңа жылыңызбен» тақырыбында шәкірттердің құттықтау бейнежазбалары түсірілді.



<https://www.instagram.com/reel/DEERd9OILLI/?igsh=Ymc1eGs4a2Jxbm40>

<https://www.instagram.com/reel/DEER1NDIJ6a/?igsh=MWM5Z2psNTBkcmc0cQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DEER1NDIJ6a/?igsh=MWM5Z2psNTBkcmc0cQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DEEUVBYYoMdH/?igsh=MTFxeXlqZHk0ZGRnaA==>

«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

“МектепПарламенті” оқушылардың өзін-өзі басқару, жас ұлан ұйымының кезекті жиналысы өтті. Жиналыста парламент мүшелерінің I жарты жылдықта атқарған жұмыстары талқыланып, II жарты жылдық жұмыс жоспарларымен таныстырылды. Сонымен қатар жоспарға сай сапалыжұмыстар жүргізу тапсырылды.

https://www.instagram.com/p/DFCu_VRM4_2/?igsh=OWJpM3Boam4wOWNh

Мектебімізде «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубының кезекті пікірсайысы «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» тақырыпта ауқымды пікірталас өтті. Пікірсайысқа 5-6 «А» сынып оқушылары қатысты.



1- наурыз Алғыс айту күніне орай «Өзін-өзі басқару» «Жас Ұлан»ұйымының оқушылары ұстаздарға таңғы көңіл-күй сыйлап,

жүректерінен шыққан жылы лебіздерін, сонымен қатар әр сынып ұстаздарына, ата-анасына, достарына шексіз алғыстарын бейнежазба арқылы білдірді. «Алтын жүрек» челленджіне қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DGknPOPoPDk/?igsh=NTZkem44MWkwZmVj>

<https://www.instagram.com/reel/DGkPrWxsu3P/?igsh=MTJuMTVhaW5nd241bA==>

<https://www.instagram.com/reel/DGnW1EisM4L/?igsh=aGE3NHpmbzVnZDE1>

<https://www.instagram.com/reel/DGmy6DxIYuh/?igsh=NGg3czQzYXcybDUw>

Чаглинка станциясының негізгі орта мектебінде 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты мерекелік кеш өткізілді. Әр бала өз өнерлерімен аналарына қуаныш сыйлады. Бірі ән салса екіншісі би билеп тамсандырды. Аналар бүлдіршіндерінің өнеріне тәнті болып, балапандарымен бірге суретке түсіп, өз лебіздерін білдірді. Әлеуметтік желіге оқушылардың атынан барша әйел қауымын, әжелерді, аналарды, қыздарды құттықтау видеолары жарияланды.



<https://www.instagram.com/reel/DG5B59KuPHf/?igsh=MWs2cHU0dGl0cWVvMQ==>

<https://www.instagram.com/reel/DG3bbZusbs8/?igsh=MTV0NzI2bXg3ZHk5OA==>

<https://www.instagram.com/reel/DGxiogSoDS-/?igsh=bjZkM3Y5aTdtZm5x>

14 наурыз - «Көрісу күніне» арналған іс-шара болып өтті. Мақсаты: Көрісу туралы түсінік беру, Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету



<https://www.instagram.com/reel/DHLJzdyICAo/?igsh=dmE2dDZvcGltDWow>

Мектебімізде 18 наурыз – «Ұлттық киім» күнін, 20 наурыз – «Ұлттық спорт» күнін ерекше атап өтіп, оқушыларға мән маңызын, мақсатын түсіндірді. Мәселен, 18 наурыз – «Ұлттық киім» күні мектеп оқушылар мен ұжым мүшелері ұлттық нақыштағы әр түрлі шапандар, кәжекейлер, барқыт камзолдар, ұлттық бас киімдер киіп, ұлттық ою-өрнекті білезіктер мен сырғалар тағып шаштарын шашбау, шекелік, шаштеңге, шолпы секілді бұйымдармен әсемдеп, өскелең ұрпақтың ұлттық әшекейге, киімге деген қызығушылығын арттырады.



<https://www.instagram.com/reel/DHVIQqtIWIR/?igsh=aDhjdWp1MG5sY2I3>

<https://www.instagram.com/reel/DHVIQqtIWIR/?igsh=aDhjdWp1MG5sY2I3>

<https://www.instagram.com/reel/DHaCbsRIWUM/?igsh=MWwxcmtuODFlejF1dA==>

<https://www.instagram.com/reel/DHaOdznfB5/?igsh=MWVzZjF4ZXY1MDR2Ng==>

<https://www.instagram.com/reel/DHaSFzpss5A/?igsh=MXN5anVnbmNyYnlkcA==>

Мектебімізде «ұлттық киім, спорт» күнін «Әз Наурыз – ұлттық сананың, ұлттық бірліктің жарқын көрінісі» тақырыбындағы мерекелік концертпен жалғадық. Мерекелік шараның шымылдығы наурыз жаршыларымен, Қызыр бабаның батасымен ашылды. Сондай-ақ шарада ән-күй де шырқалып, дүркіреген думанды мереке болды десек артық айтпаған болармыз.



<https://www.instagram.com/reel/DHdoqgEs76-/?igsh=MWIyeTlnMHVzd2I2Mw==>

<https://www.instagram.com/reel/DHdpvNEM2VU/?igsh=bmdpbmc4NWE2N2w=>

<https://www.instagram.com/reel/DHdqQmOMNYG/?igsh=cXZyZmh4aTBuYmx5>

<https://www.instagram.com/reel/DHdqQmOMNYG/?igsh=cXZyZmh4aTBuYmx5>

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында мектеп ұстаздары мен оқушылар мектеп ауласын абаттандыру жұмыстарына ат салысты. 9 сынып яғни, бітіруші түлектер білім ошағына өздерінен естелік ретінде, ағаш көшеттер отырғызды. 5-8 сынып оқушылары өз жетекшілерімен ауладағы қоқыстарды тазалап, аталмыш акцияға өз үлестерін қосты.



<https://www.instagram.com/p/DJDyZ4iMsl4/?igsh=MTVwb2Y3amRkc2dhdg==>

<https://www.instagram.com/p/DI3xft7I4Az/?igsh=MWIwOXA1Y3R4ZDRtNw%3D%3D>

1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай сынып сағаттары, мерекелік іс-шара өтті.



<https://www.instagram.com/reel/DJESTj6ssfb/?igsh=enhla3phYmNiOTZ2>

Республикалық Біріңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиыны өтті. «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2 сынып оқушылары және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 5 сынып оқушылары қабылданды. Біріңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсіміне мектеп директорының м.а Мамбетова Марал Кудайбергеновна, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Аукарова Гульнара Жумашевна, бастауыш сынып мұғалімі Самойленко Наталья Николаевна және мектеп президенті Екпін Перизат оқушыларға туымыз түстес көгілдір галустук пен төсбелгілерін табыстады.

<https://www.instagram.com/reel/DJEPHhFMoj0/?igsh=eHVyaW53dHZleGc0>



<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/rabota-starshego-voghatogo> аға тәрімгердің жылдық жрспары

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/rabota-shkolynogo-parlamenta> мектеп парламентінің жұмысы

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/rabota-organizacii-ghas-ulan> «Жас Ұлан» ұйымы

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/rabota-adal-rpak> адал ұрпак

Әр оқу жылы сайын сынып жетекшілер бірлестігінің отырысында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттағы өзгерістермен таныстырып, талқыланып, 1-9 сыныптарда сынып сағаттары жыл көлемінде отыз төрт сағатпен, қырық үш сыныптан тыс жұмыспен, алты жобамен іске асырылады.

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/plan-raboty-metodicheskogo-obyedineniya-klassnyh-rukovoditeley-na-2024>

Мектепішілік бақылау жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының негізінде тоғыз бөлімнен құрылып, ай сайын тәрбие жұмысының мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес, жұмыс түрлері бақыланады.

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/vnutrishkolynyy-kontroly>

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау §125 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алып, 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. І,ІІ,ІІІ,ІV тоқсанның мамыр айына дейінгі тақырыбы сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/pravila-doroghnogo-dvigheniya>

Жыл сайын барлық ұжым қызметкерлері мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған дәстүрлі жолдауымен таныстырылып, ондағы қойылған міндеттерге назар аудартып, ақпараттық бұрыш жаңартылып отырады.

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен оқушыларды, ата-аналарды таныстыру жұмыстары жүргізіледі (Хиджаб, діни атрибут) және терроризмге қарсы ата-аналарға, оқушыларға жаднама парақшалары таратылып, мектептің бірінші қабатының дәлізіне, мектеп формасына және «111» байланыс орталығы бұрыштары орналастырылған.



Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын - алу және профилактикалық қауіпсіздік шараларын, өрт сөндіру қызметтерінің, денсаулық сақтау органдарының қызметкерлерімен, қамқоршылар кеңесінің және ата-аналар жұртшылығымен бірлесіп әртүрлі іс-шаралар жүзеге асырылады. Сонымен қатар, көшеде, жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларын түсіндіру бойынша қауіпсіздік сабақтары, дөңгелек үстел, акциялардың ұйымдастырылды. Осындай қыруар жұмыстардың нәтижесінде 2022-2023, 2023-2024, 2024 -2025 оқу жылында мектепшілік және аудандық ювеналды полиция қызметкерлерінің есебінде тұрған оқушылар болған жоқ.

Үш жылдың салыстырмалы мониторингі

2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
0	0	0

Мектептің ішкі тәртібін сақтау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу мен қауіпсіздікті бақылау, білім алушылардың дұрыс тамақтануын қадағалау мақсатында, сыныптар мен мектеп әкімшілігі арасында кезекшілік кестесі ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидасына және жаңа редакцияда жарияланған ҚР «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығының 44-бабының 9-тармағына, аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 456 бұйрығына сәйкес, 2024-2025 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жаңа құрамы сайланып, биылғы жылы жұмыстарын жалғастырып, отырыстар өткізді. Отырыс барысында жоспарлары қарастырылып, бекітілді. Жыл бойы ең өзекті әрі маңызды деген сұрақтар қарастырылып, демеушілік көрсету жолдары талқыланды. Отырыс жоспары, хаттамалары мектеп сайтына жүктелген.

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/plan-zasedaniya-popechitelyskogo-soveta>

Білім беру ұйымында білім алушылардың танымдық мәселелерін шешу және жаңа білімді меңгерту бағытындағы тәрбие жұмысы олардың ізденушілік қабілеттерін дамытуға, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға және шығармашылық әлеуетін іске асыруға бағытталған, яғни ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті зерттеу арқылы оқушылар өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрметтерін арттырып, ұлттық сана-сезімді, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға, әділдік пен толеранттылық секілді моральдық ұстанымдар арқылы дүниетанымдарын кеңейтіп, қоғамдағы үйлесімділік пен бейбітшілікті сақтауға өз үлесін қосуда. Екі жыл қатарынан мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара байланысты нығайту мақсатында балалардың мүддесі үшін үш тарап арасында ынтымақтастық жұмысы «Даналық мектеп» және «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы негізінде нығайтылды десек те болады. Осы бағытта аналарға арналған дәрістер, ата-аналар кештері, ашық есік күндері, тренингтер онлайн және офлайн форматта ұйымдастырылып, бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше көңіл бөлінді. Бұл бағытта «Отбасы» жобасы аясында «Әже», Ана» клубтары құрылып, ұлттық мәдени мұра, халықтың тарихы мен рухани өмірінің айнасы екендігін және дәстүрлерді жаңғырту арқылы ұрпақтарға ата-баба өсиеттері мен өмірлік тәжірибелерін жеткізіп, ұлттық сана-сезімді дамытуға ықпал етіп, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту ұлттың бірегейлігін сақтап, болашақ ұрпаққа бай мәдени мұра қалдырғандығы меңгертілді.

2024-2025 оқу жылдары «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары, Қазақстан Республикасының Оқу -ағарту министрлігі «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру, ғылыми-практикалық институты»КеАҚ-ның ұсынған жоспары аясында құрылды.Білім ошағымызда «Ата өсиетін»,«Әже даналығын»,«Аға қамқорлығын»,«Жеңге кеңесін» жан-жақты түсіндіретін төрт мектеп жұмыс жасауда. Әр мектеп бойынша екі тақырыптан, барлығы сегіз тақырып қарастырылады. І жартыжылдықта төрт іс-шара, ІІ жартыжылдықта қалған төрт іс-шара өткізіледі. Іс-шараларды ұйымдастыру формалары дөңгелек үстел, сұхбат, семинар, кездесу, жеке тағылымдық сабақтар, пікірталас, байқау,алқалы жиын түрінде ұйымдастырылуда.

<https://www.instagram.com/reel/DFvRH-7IxRY/?igsh=MWR6cHVhZXBjd2VhNA==>

<https://www.instagram.com/reel/DGddOPvxbge/?igsh=dzU4dnh1YnJnNmFw>

<https://www.instagram.com/reel/DHdqQmOMNYG/?igsh=cXZyZmh4aTBuYmx5>

«Ата-аналар педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес 1-4 сыныптар үшін 8 сағат,5-8 сыныптар үшін 8 сағат,10-11 сыныптар үшін 8 сағаттан жоспарланып, жыл көлемінде 24 сағат жүзеге асырылды

<https://www.instagram.com/p/DAkmuDIM9dM/?igsh=MXZvdGFlem90M3dwOQ==>

<https://www.instagram.com/p/DHYYTizMkHI/?igsh=MTFzdXFsZHZpb2QwOA==>

«Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында тіл маманы Ә.С. Садықова жетекшілігімен «Ақындар айтысы» ұйымдастырылды.Айтыс — қазақ халқының жүрегіне жақын, тарихы мен мәдениетін сақтап келе жатқан ерекше өнер түрі ретінде оқушыларға таныстырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DBfylHBsLbZ/?igsh=NWI5N2lxM253dnhu>

Мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту,аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға жан-жақты материалдық көмек көрсету мақсатында,«Мектепке жол», «Көмек BOX» акциялары ұйымдастырылды.Жыл көлемінде жалпы оқумен қамту қорынан аудан әкімінің шыршасында тәттілер табысталса,ал президенттік шыршасында көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға құнды сыйлықтар, сертификат табысталуда.

Мектептің әлеуметтік паспорты

	Оқу жылының басында	Оқу жылының соңында
Барлық оқушылар	84	84
Қамқорлықтағы балалар	0	0
Көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар	10	10
Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар	0	0
Мүгедек балалар	1	1
Тәуекел тобы	0	0
		0

Оқу жылы	1-4 сынып	5-9 сынып (СУСН)
2024-2025 оқу жылы	42	7
2023-2024 оқу жылы	37	6
2022-2023 оқу жылы	34	10

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалып, жинақталған деректерге талдау жасалды. Әр сыныпта ата-аналар жиналысы өткізілгенде мектептен әлеуметтік көмек алу үшін қандай талаптарды сақтау керектігі түсіндірілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мемлекет басшысының оқушылардың сабаққа қатысуын толық қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау мақсатында жыл сайын «Мектепке жол» мемлекеттік акциясы өткізіледі.

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/itogi-sanitarno-epidemiologicheskoy-deyatelnosti>

санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің қорытындысы

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/godovoy-otchet-socialynogo-pedagoga>

есеп

әлеуметтік педагог

<http://sc0071.zerenda.aqmoedu.kz/content/plan-raboty-socialynogo-pedagoga> жұмыс жоспары

Тамыз айының басынан бастап жоспарға сәйкес келесі іс-шаралар өткізілді:

«Мектепке жол» акциясы аясында сынып жетекшілері арқылы ата-аналармен бірлесе отырып, мемлекет тарапынан көмек алатын оқушылар қандай мәртебеге ие болу керектігі жөнінде іс-шаралар ұйымдастырылды.

"Мектепке жол" акциясы аясында жалпыға бірдей білім беру қорынан қоғамның әлеуметтік осал топтарының оқушыларына Сөмкелер мен мектеп керек-жарақтары табысталды. 1 қыркүйекке қарай тегін тамақтанатын оқушылар анықталды. 2 қыркүйектен бастап барлығы 48 оқушы тегін тамақ алады.

Мемлекет көрсететін ақшалай көмек өтініш беруші ата-аналардың әрқайсысына түсті.

Жыл бойы оқушылардың оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуын есепке алу және күнделікті бақылау жүргізіледі. Сабаққа келмеу немесе кешігу себептері түсіндіріліп, сынып жетекшілерімен тығыз байланыс орнатылды. Оқушы ұзақ уақыт сабаққа келмеген жағдайда әлеуметтік педагог пен сынып жетекшісі оқушының тұрғылықты жеріне барды. Ата-аналармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді: әңгімелесу, кеңес беру. Оқу жылы ішінде және үйге бару кезінде әлеуметтік педагог ата-аналармен әңгімелесулер жүргізді, онда балаларды күтіп-бағу, оқыту және тәрбиелеу бойынша құқықтары мен міндеттері бірнеше рет түсіндірілді, ұсыныстар берілді: күнделікті тәртіп, үй тапсырмасын қалай дұрыс дайындау керектігі туралы баланы отбасына қалай ынталандыру керек, өз балаңызбен жанжалды қалай шешуге болады, мектептен кейін не істеу керек. Отбасын зерттеу, тұрмыс жағдайын жақсартуға көмектесу; қоршаған ортаның психоәлеуметтік жағдайын және педагогикалық мәдениетін жақсартуға жәрдемдесу; баланың мүдделерін қорғау; байланыстарды орнату.

Ата-аналармен отбасылық қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Отбасы ережелері: қалай сүю және сүйікті болу керек», «Отбасы және оның ерекше білім беруді қажет ететін баланы тәрбиелеудегі рөлі», «Балаларды тәрбиелеудегі ата-аналарға ұсыныстар» атты кеңестер өткізілді. «Мектепке бейімделмеу себептері», «Қиын өмірлік жағдайдағы балалар», «Салауатты өмір салты – өмірлік денсаулық кепілі». Студенттердің жеке басын жан-жақты зерделеуге арналған диагностика, жеке және топтық сабақтар, алаңдаушылықты азайту және өзіне деген сенімсіздікті жеңуге бағытталған тренингтер өткізілді. Ата-аналармен жұмыс консультациялар, тренингтер, сауалнамалар, кездесулер, кеңестер «Балаларды бейімдеу», «Менің баламның таңдауы – болашақ таңдауы», «Балаға емтиханға дайындалуға қалай көмектесу керек» т.б. түрінде жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау материалдарында бастауыш сынып оқушыларының жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың және санитарлық қағидалардың талаптарына сәйкес ауыз су режимі ұйымдастырылған.

Мектеп психологының жұмысы

Мектеп психологы оқу басталуы кезі оқушыларға психологиялық және физикалық жағдайларында өте күрделі және жауапкершілікті уақыт.

Құрал (бейімделу) балаларда жылдам болмайды. Бұл ұзаққа созылатын процесс, барлық ағзаның жүйелерін шиелінетін жағдай. Осы жағдай бірінші бесінші сыныптардың оқушыларында білінеді, себебі өзгерген жасау жабдық және оқу жағдайлары, интеллекттеріне, тұлғаның дамыуына және білім, оқу әрекеттеріне, әдеттерінің т.б дәрежелерінің қалыптасуына жоғарға талаптандырады, Оқушының мектепте ең маңызды психологиялық бейімдеу көрсеткіштері адекваттық тәртібі қалыптасқаны, жанындағы оқушылармен, мұғаліммен байланысы, оқу іс әдеттері қалыптасқаны саналады.

Әр түрлі әдістемелермен қолданып мысалы бақылау, әңгімелесу, сауалнамалар жүргізіп сынып жетекшелермен бірге психологиялық педагогикалық карталар құрылды, оның ішінде оқушының - танымдық сфера, мінез-құлық және араласу ерекшеліктері, жеке сфера ерекшеліктері, әлемге және өз-өзіне деген қарым қатынас ерекшеліктері белгіленіп әр оқушының бейімделуінің деңгейінің жағдайы анықталған. Осы карта бойынша сараптамасының нәтижелері 50% пайыз 1 сыныптың және 60% пайыз 5 сыныптың оқушыларының жоғары психологиялық педагогикалық көрсеткіштері анықталып оқу процессіне жоғарғы деңгейінде бейімделгенін білінді, ал 30% пайыз 1 сыныпта және 20% пайыз 5 сыныпта орташа психологиялық педагогикалық көрсеткіштері анықталып және 20% пайыз 1 сыныпта, 20% пайыз 5 сыныптағы оқушылар төмен психологиялық педагогикалық көрсеткіштері, осы оқушылармен сынып жетекшілермен бірге коррекциялық бағытында жұмыстар өткізілді.



Бірінші сыныптың бақылау жұмысын қарасақ балалардың мектепте әлеуметтік психологиялық бейімделуі дұрыс бағытта жүріп жатқаны анықталды, балалар сыныпта бір бірімен тіл табысып, достасып, көңіл күйлері әр қашанда көбінесе ақжарқын болып, сабыр сақтап, мұғалімнің бар тапсырмаларын мойындап қиналмай жеңіл орындайды.

Төртінші сыныпта келешекте болатын бейімделу және алмасу кезіндегі мәселелеріне қарай әр түрлі диагностикалық әдістемелер қолданып оқушылардың әр қайсысына мінездемелер құрылып жатыр. Осы мінездемелер арқылы алмасу кезеңінде пән мұғалімдерге компетенттік жұмыс атқару үшін қолдану қажет.

1 және 5 сынып оқушыларымен қобалжу зертейтін тестін өткізіп әр баланың жеке қобалжу себебін анықтап сынып бойынша матрица құрылды. Осы анықталған себептерге қарай коррекциялық жұмыстар өткізілді тренинг түрінде. Тренингте балалар бір бірімен пікір алысып, шамаларының деңгейлеріне қарай өзі өзідерін дұрыс бағалауды үйреніп, бір біріне жақын болып ұйымшыл

береке сезімдеріне келді. өткізілген тренинг жаёсы позитивті нәтижелерге жеткізді. оны балалардың түрлерінен және сөздерінен белгілі болды



Жалпы оқушылардың бейімделуі мектепте жақсы өтті деп айтуға болады, бұл мұғалімдердің еңбегі деуге болады себебі бәрі өздерінің жұмыстарында ағзаның функционалдық ерекшеліктерін біле отырып оның өзгеруіне байланысты сабақ кезінде, кун бойы, жыл бойы, жоспар құрғанда есепке алып оқу процессіндегі күрделі қиын тақырыптарды оптимум уақытында ал жеңілдерді күштері, шамалары азайғанда береді, және әр баланың ерекшеліктеріне қарай дифференциалдық тапсырмалар беріп жетістікке талаптандырады.

Бесінші сыныпқа арналған бейімдеу жұмыстары бірнеше кезеңнен құралады

Төртінші сыныптағы оқушының төменгідей әр түрлі сфера мәліметтері бойынша психологиялық педагогалық карта құрастыру.

Әр оқушының психологиялық мінездемелерін құру ,

- психологиялық педагогалық консилиумды ұйымдастыру
- сынып жетекшіні және пән мұғалімдерді оқушылардың психологиялық педагогалық және психологиялық мінездемелерімен толық таныстыру

- төртінші сынып жетекшесімен сыныптың және оқушылардың ерекшеліктерімен таныстыру

- кепілдемелермен ұсыныстар беру және қортындылау

- бесінші сыныптың оқу процесін қадағалау

- сабақтарға қатысу ұсыныстармен бақылау

- ата аналар жиналыстарына қатысу және кепілдемелер жасау

Осы бағытта жүргізілген жұмыстар арқылы психологиялық педагогалық карталарымен психологиялық мінездемелері құрылып консилиумда талқыланды. Сынып жетекшесімен және психологпен жана жетекшіге пән мұғалімдерге әр оқушының ерекшеліктеріне және қабілеттеріне қарай отырып ұсыныстармен кепілдемелер беріліді.

Психологиялық қадағалау жұмыстары оқу жыл басынан жүргізіліп пән бойынша

сабаққа қатысып мұғалімдерге бейімдеуге және алмасу кезеңіне арналған

ұсыныстар беріліп, қатысу хаттамаларына еңгізілді.

Алмасу кезең жұмысына арнайы ата-аналар арасында сауалдама жүргізіп нәтижесіне қарай ұсыныстар ала отырып, бірнешесі сабақтарға қатысты.

Осы алмасу кезінде және бейімдеуге арналған жұмыстар қорытындысын айта отырып жылдан жылға маңызды мәселесі деген түсінік өскені көрініп тұр. Себебі барлық оқу процесіне үлес қосқан адамдар анық түсінеді, тек осы алмасу кезеңінде баланың іште жатқан және жаңа жаңа қалыптасып келе жатқан қабілеттері, оқу талаптарын өшіріп жоғалтып алмау өте қажет келешекте. Сондықтан мектеп мұғалімдері алмасу кезеңінде оқушыларға бәр жағдайларын

жасап танымдық іс-әрекеттерін қалыптасуға мүмкіндік жолдарын табады, бұны оқушылардың білім сапасынан және сая, көңілді жүргендерінен белгілі.

Социометрия сауалдамасына 13 бала қатысып жауап берді. Социометрия жүргізу мақсаты оқушылардың бейімделу және араларындағы қарым қатынастарын анықтау.

Социометрия сауалдамасының көрестекіштерін социоматрицаға енгізгенде, барлық балалардың қарым қатынасы анықталып, оның ішінде кім лидер кім «шетте» қалғаны білінді. Бірақ сыныптың социоматрицасына қарасақ барлық балалар бір бірімен тең байланыста, лидерлер және «шетте» қалып қалған жоқ. Балалардың бір бірімен қарым қатынастары бірдей деп айтуға болады және бейімделу жағдайлары жақсы екені көрініп тұр.

Осы социоматрицаны сынып жетекшесі өз сабақтарында, топтық және т.б жұмыстарын ұйымдастырғанда, қолдану қажет деп кеңес беремін.

Социометрия зертеуін жүргізу мақсаты 5 сынып оқушыларының бейімделу жағдайының және бір бірімен қарым қатынастарын білу, лидер және «шетте» қалып қалған балаларды анықтау. Социометрия сауалдамасының көрсеткіштерінің социоматрицаға енгізілгенде барлық балалардың байланыстары анықталды және араларындағы лидерлер көрінді, Кайкенов Ильяс, Сагентаева Арай, қалғандарының бір бірімен байланыстары орташа, «шетте» қалған бала жоқ. Сонымен социоматрицаға қарағанда 5 сынып оқушылардың бір бірімен қарым қатынастары қалыптасып жақсы бейімделгендері көрініп тұр.

Осы социоматрицаны пән мұғалімдерге, өз сабақтарында, топтық және т.б жұмыстарын ұйымдастырғанда, қолдану қажет деп кеңес бердім.



Әр жас ерекшелігіне қарай суицидтің өзі әр себептермен ерекшеленеді. Сол себептердің төңірегіне көз салып қарау керек – ол жағымсыз психологиялық климат ортасы, жанұяның ұрыс-керісі, бала жанұя арасында немесе құрбы-құрдас арасында өз рөлінің аяққа басуы – жеке баланың осындай өз өміріне қол жұмсау себептерін туғызады.

7-9 сынып қыздарымен ерте жүктілік неге әкеліп соқтырады тақырыбында әңгіме жүргізілді.



Мектепшілік ата-аналар жиналысында «Бала тәрбиесінің маңызы» атты баяндама оқылып, тренинг жүргізілді.



Мұғалімдер ұжымымен бір-біріне деген сенімділіктерін арттыру мақсатында тренинг жүргізілді.

V.П. Мектептің әдістемелік пән бірлестігінің жұмысы арқылы әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

Мектепте төрт әдістемелік бірлестік жұмыс атқарады: Бірлестік жетекшілері 5 бағытта жұмыс атқарады:

- 1.Педагогтердің ғылыми-әдістемелік теориялық білім деңгейін көтеру.
- 2.Білім берудің сапасын арттыру.
- 3.Оқу үлгерімін бақылау.
- 4.Сабақтан тыс жұмыстар.
- 5.Бірлестік отырыстары.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі

Қоғамдық -гуманитар пәндер бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Тақырыбы: Сабақ беру әдістемесін оқытудың озық әдіс- тәсілдері негізінде жүргізе отырып, шығармашыл, құзыретті жеке тұлға қалыптастыру.

Мақсаты:

Мұғалімдердің педагогикалық және кәсіби шеберлігін, құзырлылығын және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы оқушылардың сапалы білім алуына, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуіне ықпал ету

Міндеттері:

- Алдыңғы қатарлы озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, насихаттау,
- тарату;
- Дарынды балаларды олимпиадаларға, ғылыми жобалар байқауына дайындау;
- Оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Озық педагогикалық тәжірибелерді зерттейді, үйренеді, ендіреді;
- Мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін, кәсіби деңгейін арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізеді;
- Ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулиды;

Ұйымдастыру іс-әрекетіне:

- ОБ мұғалімдерінің жалпы мінездемесі (білімі, өтілі, санаты, аттестаттаудан өткен мерзімі, біліктілігін жоғарылатуы, өзіндік білімін дамыту тақырыбы, мектепшілік ОБ жұмысына қатысуы);
- Ұстаздардың жеке кәсіби деңгейінің диагностикасы;
- Белгілі бір мерзімге жұмыс жоспары;
- ОБ кәсіби портфолиосын жасау;

- ӨБ іс құжаттарын жүргізу

Оқу-әдістемелік бағытқа :

- 1.Білім беру үдерісін талдау;
- 2.Мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін түрлі әрекеттерді жоспарлау;
- 3.Білім беру жүйесінің түрлі нормативті-құқықтық құжаттарымен танысу;
- 4.Мектепшілік, ӨБ әдістемелік іс-әрекетіне араластыру арқылы мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық мәдениетін жетілдіру;
- 5.Пәндер бойынша оқушылардың білім сапасын қадағалап отыру; жаңа әдістемелерді, білім беру үдерісінің технологияларын сынау, қабылдау;

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің мүшелері:

- 1.Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері-
Оспанова Б.Г., Жылқыбай Г.Қ., Аукарова Г.Ж.
- 2.Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі- Ыбышева А.Қ.
- 3.Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі - Магзумова И.М.
4. Кітапханашы- Рыспамбетова С.К.
- 5.Тарих пәнінің мұғалімі- Ақжигитов Е.Қ.
6. Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі- Жусупова К.Ж.

Гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің құрамына 7 мұғалім , 1 кітапханашы енеді. Сапасының құрамы талапқа сай. Маман емес мұғалімдер жоқ. Жоғары білімді - 7 мұғалім. 4 мұғалім – педагог-зерттеуші, 1 мұғалім – педагог-сарапшы, 2 мұғалім – педагог- модератор.

Әдістемелік бірлестіктің 2024-2025 оқу жылына құрылған жоспар бойынша жұмыс жасады. Әдістемелік нұсқау хаттың бағдарламасын басшылыққа алып, күнтізбелік тақырыптық жоспар жасап әр пән мұғалім күнтізбелік жоспар құрып, әдістемелік бірлестікте қаралып, бекітілді. Сонымен қатар мұғалімдердің ҰМЖ, ОМЖ ж/е күнтізбелік жоспарлары қаралып, бекітуге жіберілді. Әр пәннің жүргізілу деңгейі қадағаланды. Тамыз педаг. кеңесінде талқыланды. 2024-2025 жылына арналған әдістемелік-нұсқау хатымен, нормативтік құжаттарымен таныстырылды.

Мұғалімдердің қайта даярлау курсынан өткенде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімі, сондай-ақ олардың жұмыс нәтижелері есепке алынады. Ағымдағы оқу жылында жоспарлы түрде курстық даярлықтан өткен мұғалімдер қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Оспанова Б.Г., Аукарова Г.Ж., Жылқыбай Г.Қ. өтті.

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Оспанова Б.Г., Аукарова Г.Ж., «Педагог- зерттеуші» санаты 2024 жылы растады тарих пәнінің мұғалімі Ақжигитов Е.Қ. 2024 жылы педагог – модератор санатына өтті.

№	Пән мұғалімдер саны	«Педагог- зерттеуші»	«Педагог- сарапшы»	Педагог-модератор
1	6	3	1	2

Жаңа оқу жылының басында барлық мұғалім күнтізбелік жоспарын құрып, бекітіп, сол бойынша жұмыс жасады.Бірлестік отырыстары жоспар бойынша өтіп , хаттамасы жасалынды.

2024 жылдың 05-17 қыркүйек аралығында Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Тіл өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» мерекесіне байланысты өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалынып бекітілді. Жоспарда қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі бірлестігіндегі мұғалімдер қамтылды.

Жоспарға сәйкес пәні мұғалімдері Оспанова Б.Г., Жылқыбай Г.Қ., Аукарова Г.Ж., Магзумова И.М., Ыбышева А.Қ. ұйымдастыруымен 05.09. күні «Тіл өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» атты ауызша журнал түрінде мерекенің ашылуын 5-9- сынып оқушылары арасында өткізді. 06.09. күні 2-9-сыныптар арасында «Алаштың ардақтысы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл» (15.10.1894-25.02.1938) атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

07 қыркүйек күні 2-9 сыныптар арасында «Тілдер күні»мерекесін құттықтау челленджі онлайн құттықтау ұйымдастырылды. Бұл шара да өз деңгейінде өтті

09.09. күні 2-9-сынып оқушылары «Ана тілім -ардағым» атты диктант жазды. Мақсаты оқушы сауаттылығын арттыру.Ең сауатты оқушыны анықтау.

10.09.күні «Тіл- бабалар мұрасы» атты тақырыпта мектеп кітапханашысы Рыспамбетова С.К. мектепте кітаптар көрмесін өткізді.Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да, парасатты азамат етіп, елімізде тұрып жатқан әрбір жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты, патриоттық сезімдерді ұялату, ынтымақтастыққа, достыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырды.

11.09. күні 2-6-сыныптар арасында «Тіл -кемел болашақ тұғыры» атты мақал-мәтел сайысы өтті. Сайыс 6 кезеңнен тұрды. Оқушыларға мақал-мәтелдер мен жұмбақтар жасырылып, лездемелік сұрақтар қойылды. Бұл сайысқа 2-6-сынып оқушылары белсене қатысып, сұрақтарға мүдірмей жауап беруге тырысты. Сұрақтар оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылды.Өткізген Жылқыбай Г.Қ.

12.09. күні 7,8-сынып оқушылары арасында Тіл мерекесіне орай «Тіл ұлттық қазынам» атты сурет, қабырға газеті байқауы өтті.Жауапты Ыбышева А.Қ.

Бұл байқаудың мақсаты сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылық қиялы мен қабілетін, ойлау қабілетін шыңдау, тілге, Отанға деген құрметін арттыру, тәрбиелеу.

13.09. күні 5,6- сыныптар арасында мәнерлеп өлең оқу байқауы өтті.Тақырыбы: «Ерліктің символы-Махамбет поэзиясы». Мақсаты: Байқау Махамбет Өтемісұлының шығармаларынан үзінді мәнерлеп оқу бойынша өтті. Байқау аясында оқушылар өздері таңдап алған ақынның шығармасын мәнерлеп дауыстап оқыды. Оқу барысында музыкалық сүйемелдеу, декорация, костюм қолданды. Жеңімпаздар анықталып, марапатталды.

16.09. күні 2-9-сыныптар арасында «Язык душа-Народа» ағылшын, орыс тілінде викторина, полиглот түрінде өтті.Өткізген Ыбышева А.Қ . Ойын 3 кезеңде өтті. 1-кезең «Тапқыр болсаң, тауып көр» (көнерген сөздердің мағынасын ашу); 2-кезең «Ойлы болсаң, озып көр» (мақал-мәтелдердің жалғасын табу); 3-кезең «Жүйрік болсаң, шауып көр» (тұрақты тіркестердің мағынасын ашу). Оқушылар сайысқа тапқырлық танытып, белсене қатыса білді. Ойын барысында бірнеше көнерген сөздердің мағынасын ашып, өздеріне таңсық сөздердің мағыналарын тани білді. Ойын барысында екі топ та тапқырлық танытып, тең дәрежеде болды. Ойын қызықты әрі өз деңгейінде өтті. Көрнекіліктер тақтаға ілініп, таныстырылды.

17.09.күні 5-9-сыныптар арасында қорытынды кеш өтті.Ұлттық ойындар, спорттық жарыстар «Тіл-достықтың дәнекері» атты қорытынды іс-шараның жабылуы өтті.

Қорытындылай келе, тіл мамандарының ұйымдастыруымен өткен тіл онкүндігі жоғары деңгейде өтті.

Нәлдік кесінді бақылау 02.09-12.09. аралығында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих пәндерінен алынды. Қазақ тілі мен әдебиет пәнін былтырғы оқу жылымен салыстырғанда өте жақсы оқитын оқушылар саны былтыр - 6 болса, биыл өсуде. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей аталған сыныптарда білім сапасының тұрақтылығы байқалады.Орыс тілі мен ағылшын тілінде былтырғы оқу жылымен салыстырғанда оқу сапасында өсім бар.Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихы пәнінде оқу сапасы тұрақты.

Туындаған қиындықтар:

Кейбір оқушылардың оқу материалдарын, қиын тақырыптарды игере алмауы.

Шешу жолдары:

Өткен, толық игере алмаған тақырыптарды қайталау;

Төмен баға алған оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу;
Қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің білім сапасын алдағы көрсеткішпен салыстыра отырып, оқушы білімін нақты бағалау;

Үлгерімі орташа және қабілетті оқушылармен жекелей жұмыс жасау;

Оқушыны алдағы уақытта жақсы оқуға, күнделікті сабаққа үнемі дайындалып келуге ынталандыру;

Мектепішілік олимпиаданың өткен күні: 08.11.2024 жыл , барлығы 25 оқушы 5, 6,7,8,9 –сынып оқушылары қатысты. Жақсы нәтиже көрсеткен оқушылар аудандық пәндер олимпиадасына қатысты: Ауыл олимпиадасы, Айқанат, республикалық пәндер олимпиадасының аудандық кезеңі өткізілді.

16.10.2024 жылы орыс тілі және әдебиеті пәніне сабаққа қатыстым. 9-сыныпта Тема: «Человекам надо стать» Ч.Айтматов «Плаха» ашық сабақ өтті.Өткізген орыс тілі пәнінің мұғалімі Ыбышева А.Қ.

Оқу мақсаты: 9.1.3.1-понимать содержание прозаических, драматических, поэтических произведений/фрагментов, определяя слова, с помощью которых автор выражает эмоционально-оценочное отношение к героям, событиям

9.4.3.1- представлять информацию в виде отчета, статьи, справки на основе таблиц, схем, диаграмм, графиков и наборот;

Сабақ жақсы өтті.Сабақтың құрылымы жақсы құрылған.Мұғалім өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстырды. Сабақ мақсатына жетті.Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым-қатынасы өте жақсы Оқушылар сабаққа белсенді қатысып отырды. Мұғалім тәжірибелі ұстаз.Сабақ барысында түрлі грамматикалық, лексикалық тапсырмалар, талдау жұмыстары жасалды.Ағылшын тілі, қазақ тілімен пәнаралық байланыс болды.Оқулықпен, дәптермен, АКТ-мен жұмыс жасады.

Ұсыныс:Оқушылардың орыс тіліне тілдерін жаттықтыру үшін, тіл дамыту жұмыстары көп жасалса.

13.11.2024 жылы 7-сыныпта қазақ тілі пәнінен сабаққа қатыстым.Тақырыбы: «Адал дос пен амал дос»Есімше.Өткізген қазақ тілі пәнінің мұғалімі Аукарова Г.Ж.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:

7.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу;

7.4.4.1 етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану.

Сабақтың мақсаты: Мәтінге комментарий жазады, іріктеп , зерттеп оқуды біледі.

Етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолданады

1. Ұйымдастыру кезеңінде «Өзіме-көршіме» әдісі сәтті ұйымдастырылды.Берілген сұрақтар тақырыпқа сай.Топқа бөлу «Киіз үй» әдісі ұлттық құндылыққа байланыстырылған.

2. Сабақтың мақсатымен таныстырды.

3. Топтық жұмыс**“Spinner» ойыны** арқылы өткен тақырып пен жаңа сабақты байланыстырды.

4.Жеке жұмыс. Ұғымдарды қайталау және жалпылау. Оқушылар мұғалімнің мәтін бойынша жіберген сауалнамасына ұялы телефон арқылы комментарий жазды.

Б) Топтық жұмыс Мәтіннен етістіктерді тауып, оған есімше жұрнақтарын жалғау.

Дәптерде орындады.

5. Топтық жұмыс.Негізгі теориялық қағидаларды қайталау және жүйелеу. Өлеңді әнімен айту. Өлеңдегі карамен берілген жолдарды талқылап, ойларын ортаға салады.

6.Сабақты қорытындылау. **«Бір ауыз сөз» әдісі.** Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдады.

Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.

Туімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенділігіне қарай 1-10 баллдық жүйе бойынша әр оқушының өзіне тиісті баллын қойып бағалады. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін **«Қошеметтеу» әдісі** арқылы да бағалады.

Жеке жұмыс:

Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп берді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтты ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын.

Әдістеме бірлестігінің отырысы жоспар бойынша өтті. I-II тоқсан қорытындысы, өтілген іс шараларға талдау жасалды. Пән мұғалімдері аудан бойынша өтілген іс-шараларға қатысып отырды. Оқушылардың білім сапасы үнемі назарда болды. Бөлім бойынша жиынтық бақылау мен тоқсандық жиынтық бақылаулар алынды. Үлгермеушілер жоқ.

1. Жазба жұмыстарын талапқа сай орындап отыру
2. Каллиграфиямен жұмыс жүргізу

Оқушылардың жұмыстары талданып отырылды. Нашар үлгеретін оқушылармен жұмыстар жүргізілді. Балалар қосымша сабақтарға қатысып, білімдерін көтеріп отырды.

Оқушылардың оқу жылдамдығы тексерілді. Сыныптан тыс іс шаралар өтті. Тоқсан соңында 5-9-сыныптан пәндер бойынша БЖБ мен ТЖБ алынып, талдау жасалды.

SWOT талдау

S Күшті жақтары	1. Білім сапасының соңғы 3 жылдағы оң динамикасы. 2. Пән мұғалімдері курстан, аттестаттаудан өткен
W Әлсіз жақтары	1. Пәндік олимпиадада мектептің әлсіз жұмысы
O Мүмкіндіктері	1. Оқушылардың сапалы білім алуына қолжетімділігі және пәнге деген қызығушылығының артуы 2. Білім сапасын өсіруге, оқушылардың санын арттыруға, сапалы білім беруге мүмкіндігіміз бар
T Қауіп-қатерлер	1. Пәндік олимпиадаларда оқушылардың аз қатысуы, аудандық, облыстық кезеңдерде оқушылардың жетістікке жетпеуі

27.01-03.02.2025 жыл аралығында гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы өтті.

Апталықтың тақырыбы: «Өнер білім бәрі де, оқуменен табылған...»

Мақсаты:

1. Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, тарих пен тілдер әлемінің мол мұрасымен кеңінен таныстыру, пәннің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, тілдің мемлекеттік мәртебесін қалыптастыру.
2. Оқушыларды мемлекеттік тілді құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

27 қаңтар мен 03 ақпан аралығында гуманитарлық пәндер апталығы жоспарлы түрде жүргізілді. Көптеген ашық сабақтар, сыныптан тыс іс шаралар жүргізілді. Әр қоңырау сайын гуманитарлық пән ұстаздарының ұйымдастыруымен танымдық ойындар өткізілді. ашық сабақтарда білім алушыларымыз алған білімдерін көрсете білсе, ұстаздарымыз іскерліктерін, дағдыларын өз қызметінде табысты қолдана алатынын көрсете білді. Апталықты өткізу барысында оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, әлеуметтік қалыптасу сияқты қасиеттері анықталды. Білім алушылар өткізілетін іс-шараларға қызығушылық танытты, өздерінің шығармашылық әлеуетін көрсете отырып, дайындыққа белсенді қатысты.

2024-2025 оқу жылы көлемінде 27 қаңтар мен 03 ақпан аралығында гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы жоспарлы түрде өз жұмысын аяқтады. Апталықтың ашылуынан бастап, ашық сабақтар мен жоспарланған іс-шаралар легі белсенді әрі жауапкершілікпен өтті. Аптаның бірінші күні білім жәрмеңкесі өткізілді. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. өздерін қызықтырған сұрақтарына жауаптар алды. Білім жәрмеңкесіне әр сыныптың оқушылары қатысып, өздеріне қажетті ақпараттар алып, білімдерін жинақтады. Дәлізде «Көненің көзі...» атты ұлттық аспаптардың көрмесі орын алды, сонымен қатар, Алаштың арыстарына

арналған қабырға газеттерімен дәліздер безендірілді. Келесі күні қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Аукарова Г.Ж. дәлізде «Қазақтың ұлттық ойындары» туралы танымдық сағатын өткізді. Балаларды ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні мен мақсатын түсіндіріп, танымдық зейіндерін ашуға бағыт-бағдар берді. Тәрбиелік сағаттың соңын ала тарих пәнінің мұғалімі Ақжигитов Е.Қ., «Тапқыр болсаң тауып көр» атты интеллектуалдық ойынмен оқушылардың танымдық біліктіліктерін анықтап, пәнге деген қызығушылықтарын арттырды. Аптаның ортасында жоспар бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жылқыбай Г.Қ., 3«Б» сыныбымен ашық сабақ өткізді. «Музей қай көшеде?» деп аталатын бұл тақырыпты оқушылар толықтай түсініп, жақсы игеріп алды. Оған дәлел барлық сыныптың қойылған қорытынды сұрақтарға жылдам әрі қатесіз жауап беруі болды. Келесі ашық сабақты ағылшын пәнінің мұғалімі Мағзумова И.М., 3 «А» сыныппен «I Like» тақырыбында өткізді. Сабақ барысында оқушылар сабаққа белсенді қатысты, туралы өз ойларын еркін жеткізіп, тапсырмаларды берілген уақытында орындап отырды. «Не ұнады, не ұнамады» деген сұрақтарға жауап беру арқылы сабақты қаншалықты меңгергендіктерін көрсетіп отырды. Екі пән мұғалімдерінің ашық сабағы жақсы деңгейде өтті. Сабақ өз мақсатына жетті. Сабақ өту барысында мұғалімнің өзін ұстауы, оқушыларға сабақты жақсы түсіндіре алуы, мақсатына жете білуі, маман үшін қуантарлық жайт болды. Сабақ соңында ашық сабаққа қатысқан пән мұғалімдерімен сабақ талқыланды, ұсыныстар айтылды. Қорытындылау барысында танымдық іс-шараға қатысқан пән мұғалімдері оң бағасын берді. Кеткен кемшіліктер ескеріліп, ұсыныстар айтылды. Келесі кезекте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Оспанова Б.Г., «Бұрымды қыз» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, шаш, шаштың күтімі туралы қызық деректермен танысып, бәсекелестікке қабілеттіліктерін көрсете білді. Іс-шара екі тілде сайыс түрінде өткізілді. Сайыста 5-9 сынып оқушылары белсенді қатысып, екі тілді қаншалықты меңгергендерін көрсете білді. Байқау соңында орын алған оқушылар марапатталып, алғыс хаттарға ие болды. Апталықты одан ары қарай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Аукарова Г.Ж., І.Жансүгіровтың «Құлагер» тақырыбында салыстырмалы түрде сабақ өткізді. Ұлттық құндылықтарды сабақ барысында қолдана отырып, оқушыға меңгерте отырып, өз білімдерін одан әрі дамытуға ат салысты. Сабақ жақсы деңгейде өтті. Аптаның соңын орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ыбышева А.Қ., мектеп оқушыларымен «Поле чудес» сабақтан тыс сабағы жалғастырды. Мұғалім оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыра алды. Сабақ қорытындылауда кемшіліктер айтылып, ұсыныстар енгізілді.

Осы аралықта көптеген ашық сабақтар, сыныптан тыс іс шаралар жүргізілді. Әр қоңырау сайын гуманитарлық пән ұстаздарының ұйымдастыруымен танымдық ойындар өткізілді, ашық сабақтарда білім алушыларымыз алған білімдерін көресе білсе, ұстаздарымыз іскерліктерін, дағдыларын өз қызметінде табысты қолдана алатынын көрсете білді. Апталықты өткізу барысында оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, әлеуметтік қалыптасу сияқты қасиеттері анықталды. Білім алушылар өткізілетін іс-шараларға қызығушылық танытты, өздерінің шығармашылық әлеуетін көрсете отырып, дайындыққа белсенді қатысты.

Апталықтың жабылу салтанатында Б.Майлиннің «Күлпәш» атты әңгімесін мектеп оқушылары сахналап, инсценировка қойды.

Ашық сабақтарға, сыныптан тыс іс-шараларға белсенді қатысқан және үздік өлең оқыған, танымдық байқауға қатысқан мектеп оқушылары мадақтау қағазы мен арнайы сертификаттармен, сыйлықтармен марапатталды.

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы жоспарланған мақсаттарына жетіп, міндеттерін толық атқарды.

2024 жылдың 06 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы» №258 бұйрығына сәйкес Зеренді ауданы білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілетін жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық ғылыми жобалар конкурсына 2 білім алушының жұмысы тіркелді.

Мақсаты: 1. Оқушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру, ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу, оларға қолдау көрсету

Ғылыми жоба жұмыстары біріншіден антиплагиаттан, екіншіден сараптамалық кеңестен өткізіледі.

- Жалпы білім беретін мектептердің 8-11-сыныптың шығармашыл оқушылары арасында өткен «**Ақберен**» **аудандық өнер байқауы**, «Шешендік, Білгірлік сайысы» номинациясы 9А» сынып оқушысы Екпін Перизат - I орын, облыстық кезеңге өтті. «Көркемсөз сайысы» номинациясы Омаров Ұлан қатысты. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аукарова Г.Ж.
- 2024 жылдың 16 қазан күні 9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты VII республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңіне 9 «А» сынып оқушысы Белгибаев А., сертификатпен марапатталды. Жетекшісі тарих пәні мұғалімі: Ақжигитов Е.Қ;
- 6-7 сынып оқушыларына арналған **лингвистика бойынша аудандық іріктеу олимпиадасының** аудандық кезеңіне 6»А» сынып оқушысы Мамбетов Нұрасыл - III орын. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі жетекшісі Оспанова Б.Г.

Пән олимпиадасының Аудандық кезеңі бойынша орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша 5 «Б» сынып оқушысы Сагандыкова Дильназ I орын, 6 «Б» сынып оқушысы Самоличенко Дарья III орын, 5 «Б» сынып оқушысы Бондарь Алина III орын иеленді. Жетекшісі орыс тілі және әдебиеті мұғалімі Ыбышева А.Қ.

Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық олимпиадасында Бондарь Алина III орын иеленді. Жетекшісі орыс тілі және әдебиеті мұғалімі Ыбышева А.Қ.

Ағылшын пәні бойынша 5 «А» сынып оқушысы Сексембай Мүбәрак I орын, 6 «А» сынып оқушысы Болат Ерназар I орынға ие болды. Жетекшісі ағылшын пәні мұғалімі: Мағзумова И.М.

2023-2024 оқу жылымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылында оқушылардың олимпиадаға қатысу сапасы артқан, бірақ жүлделі орын аз. Оқушылардың пәндер бойынша олимпиадаға қатысу деңгейін арттыру бойынша алдағы уақытта жұмыс атқаруды алдыңғы жылдың күн тәртібіне қою керек. Оқуға деген ынтасы жоғары оқушыларды, дарынды балаларды анықтауда көңіл бөлген жөн. Сондай-ақ мұғалімдердің барлығы балаларды жүйелі түрде дайындамайтынын атап өткен жөн, көбінесе консультация беріп, өздігінен жұмыс жасауға кеңес береді. Осы мәселе біршама проблемаларды тудырады: сыныптан тыс білім беру қызметі оқушыларға шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру, түрлі танымдық тәжірибені меңгеру жолы болу қажет. «Зерде», «Дарын» мектепішілік, аудандық ғылыми жобалар байқауына қатысуды жандандыру керек.

Осы уақытта шешілмеген мәселелер бар:

